ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
МҰҒАЛЖАР АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
«ЕМБІ ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ИНТЕРНАТЫ БАР №7 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІ» КММ
БҰЙРЫҚ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КГУ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №7 С ПРИШКОЛЬНЫМ ИНТЕРНАТОМ ГОРОДА ЭМБА»
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ МУГАЛЖАРСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
ПРИКАЗ

030711, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы, Әйтеке би көшесі 21, тел/факс:22-1-45; e mail:emdi7mektep@bk.ru
030711, Мугалжарский район, город Эмба, ул.Айтеке би 21, тел/факс: 22-1-45; e-mail: emdi7mektep@bk.ru

«05» қыркүйек 2023 жыл № 142 н/қ

**«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ-нің 2023-2024 оқу жылындағы «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымын құру туралы**

**Бұйырамын:**

1. Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ КММ 2023-2024 оқу жылында «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы құрылсын.
2. «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының жетекшісі болып аға тәлімгер А.Е.Тажибаева бекітілсін.
3. Өзін-өзі басқару ұйымының жоспары құрылып,жоспардың орындалуы ұйым жетекшісі аға тәлімгер А.Е.Тажибаеваға жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының у.м.а М.С.Қаржаубайға жүктелсін.

Мектеп директоры А.Ж.Достанова

*«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ*

**Бекітемін:**

*Мектеп директоры ____________ А.Ж.Достанова*

*«31» 08.2023 жыл*

# «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы және «Жас Ұлан», «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 2023-2024 оқу жылына арналған тәлімгердің жылдық жоспары

*Аға тәлімгер: Тажибаева А.Е.*

2023-2024 оқу жыл

## *Ұйымның мақсаты мен міндеттері:*

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

- Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- Әр ісіне, қаламына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенгеқұрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
- Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
- Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***

**Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігіннығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруғабелсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесінеқызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшінқызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасызетуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениеттідәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл жәненамысшыл
- Мемлекеттік рәміздердіқадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениеттідәріптейді

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу жәнежауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамкор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды;
- Достарын, сыныптастарынсыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

**Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командаменжұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануғақұштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтынұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынасорната білу;
- Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығынсақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді;
- Қоршаған орта тазалығынсақтайды;
- Ақпараттық, медиа жәнеқаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

| № | Уақыты | Құндылық | Іс-шара атауы | Өткізілу форматы | Мақсаты | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қыркүйек | **Талап** | Білім күні | Концерттік бағдарлама | Білуге,жаңаны тануға құштар болу | ДТІЖО<br>Тәлімгер |
| 2 | Қыркүйек | **Ұлттық мүдде** | «Жас Ұлан» және **Өзін-өзі басқару ұйымының** жиыны, ұйым ұланбасын,<br>ұланбасының орынбасарын сайлау | Жиналыс | Ұлттық мәдениетті дәріптейді | ДТІЖО<br>Тәлімгер |
| 3 | Қыркүйек | **Ұлттық мүдде** | А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «**Тіл тазалығы**» тақырыбындағы шаралар | Апталық | Ұлттық мәдениетті тәрбиелеу, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту | Тәлімгер<br>Ұйым мүшелері |
| 4 | 13- қыркүйек | **Ар - ұят** | **Отбасы күні** | Сайыс | Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, Отанның бір мүшесі екенін сезіну | Тәлімгер<br>Ұйым мүшелері |
| 5 | 1- қазан | **Ар - ұят** | **«Қарты бар үйдің – қазынасы бар»** қарттар күніне арналған құттықтау | Концерттік бағдарлама | Кішігі ізет, үлкенге құрмет көрсету | Тәлімгер<br>Еріктілер тобы |
| 6 | 5 -қазан | **Ар - ұят** | **«Ұстаздық қызмет-ұлы құрмет!»** Ұстаздар күніне арналған мерекелік концерт | Мерекелік іс шара | Ұстаздарға құрмет көрсету | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Ұйымд.педагог |
| 7 | Қазан | **Талап** | «Жас Ұлан» және Өзін-өзі басқару ұйымының жиналысы | Жиналыс | Оқушыларға мектептің бір мүшесі екенін сезіндіру | Тәлімгер<br>Мектеп президенті |
| 8 | 25 - қазан | **Ұлттық мүдде** | Республика күні | Челлендж | Елінің тарихын құрметтейді | Тәлімгер<br>Ұйымд.педагог |
| 9 | Қазан | **Талап** | **«Күз Ханзадасы мен Ханшайымы»** | Сайыс | Жеке және командамен жұмыс жасай білу | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Ұйым мүшесі |
| 10 | Қараша | **Талап** | «**JaiBattle**» жайдарман ойыны | Сайыс | Жеке және командамен жұмыс жасай білу | Тәлімгер<br>Ұйым мүшелері<br>Ұйымд.педагог |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | Қараша | **Ұлттық мүдде** | «Ассамблеясы жастары» жетекшілерінің мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен **«Бейбітшілік пен келісім сабақтары»**форматында мотивациялық кездесулер өткізу | Кездесу | Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы мәлімет беру | Тәлімгер Мектеп президенті |
| 12 | 16-желтоқсан | **Ұлттық мүдде** | 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығына арналған мерекелік бағдарлама | Мерекелік бағдарлама | Елінің тарихын құрметтейді | ДТІЖО Тәлімгер Ұйымд.педагог |
| 13 | Желтоқсан | **Ұлттық мүдде** | «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына оқушыларды салтанатты түрде қабылдау | Салтанатты жиын | Отаншыл, Мемлекетшіл және намысшыл жастарды қатарға қосу | ДТІЖО Тәлімгер Мектеп президенті |
| 14 | Желтоқсан | **Талап** | Жаңа жыл мерекесіне арналған концерттік бағдарлама | Концерттік бағдарлама | Оқушылар бір-бірімен дұрыс қарым- қатынас орната білу | Тәлімгер Ұйым мүшелері Ұйымд.педагог |
| 15 | Қаңтар | **Ұлттық мүдде** | **«Жүректен жүрекке»** акциясы | Акция | Қоғам игілігі үшін қызмет ету | Тәлімгер Ұйым мүшелері |
| 16 | Қаңтар | **Талап** | **«Dance party»** заманауи би байқауы | Сайыс | Жеке және командамен жұмыс жасай білу | Тәлімгер Мектеп президенті |
| 17 | Ақпан | **Талап** | **«Stand Up»** | Сайыс | Жеке және командамен жұмыс жасай білу, сыни және креативті ойлау | Тәлімгер Мектеп президенті |
| 18 | Ақпан | **Ұлттық мүдде** | Ауған соғысында от кешкен ардагерлермен кездесу | Кездесу | Елінің тарихын құрметтеуге баулу | Тәлімгер Мектеп президенті |
| 19 | Ақпан | **Талап** | «Жас Ұлан» және Өзін-өзі басқар у ұйымының жиналысы | Жиналыс | Оқушыларға мектептің бір мүшесі екенін сезіндіру | Тәлімгер Мектеп президенті |
| 20 | 1-наурыз | **Ар - ұят** | Алғыс айту күні | Іс-шара | Ата-анасына, ұстазға сүйіспеншілікпен қарайды | Тәлімгер Ұйым мүшелері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 21 | 8-наурыз | **Ар - ұят** | Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік кеш ұйымдастыру | Құттықтау | Нәзік жандыларды құрметтеу, сыйлай білу | Тәлімгер<br>Ұйым мүшелері<br>Ұйымд.педагог |
| 22 | 19-наурыз | **Талап** | **«Бауырсақ Party»** | Акция | Ізденімпаз, жасампаз тұлға | Тәлімгер<br>Ұйым мүшелері |
| 23 | 20-наурыз | **Талап** | **«Жас Ұлан аламаны»** ұлттық ойындардан сайыс | Сайыс | Физикалық белсенді болу | Тәлімгер<br>Ұйым мүшелері |
| 24 | 1-сәуір | **Ар - ұят** | Күлкі күні | Іс - шара | Ұстаздарға,оқушыларға көтерінкі көңіл-күй сыйлай білу | Тәлімгер<br>Ұйым мүшелері |
| 25 | Сәуір | **Талап** | **«Түлектер саябағы»** жобасы. Оқушыларды көгалдандыру жұмыстарына тарту | Жоба | Қоршаған орта тазалығын сақтайды | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>«Қоғамға қызмет» еріктілері |
| 26 | 1-мамыр | **Ұлттық мүдде** | Қазақстан халықтарының бірлігі күні | Челлендж | Ұлттық мәдениетті дамыту | Тәлімгер<br>Ұйымд.педагог |
| 27 | 7-мамыр | **Ұлттық мүдде** | Отан қорғаушылар күні | Мерекелік бағдарлама | Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету | Тәлімгер<br>Ұйымд.педагог |
| 28 | 9-мамыр | **Ұлттық мүдде** | Ұлы Отан соғысы ардагерлерін еске алу | Іс - шара | Ұлттық мұраға ұқыпты қарау | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Ұйымд.педагог |
| 29 | Мамыр | **Талап** | **«Жас Ұлан»** және Өзін-өзі басқару ұйымының жиналысы | Жиналыс | Оқушыларға мектептің бір мүшесі екенін сезіндіру | Тәлімгер<br>Мектеп президенті |
| 30 | 25-мамыр | **Ар - ұят** | **«Түлектерге сәт сапар!»** | Мерекелік бағдарлама | Ұстаздарға,оқушыларға көтерінкі көңіл-күй сыйлай білу | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Ұйымд.педагог |

**«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ»КММ-нің 2023-2024 оқу жылында «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы және «Жас Ұлан» балалар ұйымымен жүргізілген жұмыстар**

«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы және «Жас Ұлан» ұйымының 2023-2024 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес мектебімізде 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиынымыздың мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру. Салтанатты жиында мемлекеттік туды кіргізіп, Әнұранымыз шырқалып, мерекелік шараны салтанатты түрде ашу үшін алғашқы сөз кезегі мектеп директоры Достанова Асель Жангелдіқызына берілді. Шара барысында 3 құндылықтар туралы түсіндірмелі жұмыстар жүргізілді. Алғашқы қоңырау соғылып, келген қонақтарымызға құттықтау сөзі берілді.



https://www.instagram.com/reel/Cwp7i5Pg-eo/?utm_source=ig_web_copy_link

Мектебімізде 5-11 сыныптар арасында «**Ахмет Байтұрсынов шығармашылығы елге үлгі**» тақырыбында 8 сынып оқушыларына А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы кезбе сұхбат өткізілді.Мақсаты: Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары,ғылыми еңбектері туралы мағұлмат беру;
Ақын өмірін оқушыларға үлге ете отырып,өз елін сүюге,оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу; Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту. Сұхбат барысында оқушылар Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдерін оқып, өмір баянымен таныс болды.



Отбасы – адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі.
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 31қазандағы №689 қаулысымен бекітілген мерекелік күндердің тізбесіне енгізілген отбасы күніне орай және «Мұғалжар аудандық білім бөлімінің» 2023жылдың 04 қыркүйек күні №1642 шығыс хаты негізінде өзін –өзі басқару ұйымының оқушылары «Өнегелі отбасы – қоғам байлығы»

тақырыбында мектеп ұстаздары мен оқушыларына сауалнама жүргізді. Сауалнама барысында отбасылық құндылықтар жөнінде сұрақтар қойылды.






https://www.instagram.com/reel/CxH66YYAvfc/?utm_source=ig_web_copy_link

«Еңбегі адал жас өрен» жобасының жұмыс жоспарына сәйкес қыркүйек айында «Кел, қатарға қосыл!» тақырыбында ұйым қатарына жастарды қатарға қосу мақсатында 5-9 сынып оқушылары арасында челлендж ұйымдастырылды. Ұйым мүшелері мен мектеп президенті бейнеролик түсіріп, оны әлеуметтік желіге жариялап, оқушыларды қатарға қосылуға шақырды.







https://www.instagram.com/reel/CxdFCLaIsLt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Мектебімізде жыл сайын бұл күні ардагер ұстаздарымызды мерекелік шараға шақырып, құрмет көрсетіледі. Ардагер ұстаздарымыздың ғұмыр бойы істеген еңбектеріне, әрі оқушыларға білім нәрін сусындатып, оларды тәрбиелеуде қосқан зор үлестеріне сай сый – құрмет көрсетілді. Мерекелік шарада мектеп директоры Асель Жангелдіқызы ардагерлерімізді мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Шарада оқушылар ұстаздарға арнап ән айтып, би билеп, күй шертіп, өздерінің дайындаған бейнероликтерін көрсетіп, жастық шаққа саяхат жасады. Ардагерлеріміз өз естеліктерімен бөлісіп, оқушыларға жақсы тілектерін айтып, қорытындылады. Мектеп ұстаздары да құттықтау тілектерін білдіріп, ардагерлерге арналған сыйлықтарды табыстады.






https://www.instagram.com/reel/Cx43TddgYBh/?utm_source=ig_web_copy_link

Мектебімізде 5 қазан –Ұстаздар күніне орай өзін-өзі ұйымдастыру жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні» өткізілді. Мектеп әкімшілігі мектеп қызметкерлері рөліне үміткерлерді таңдап, олардың тізімін 27 қыркүйек күні мектеп директорына бекітуге ұсынды. Дублер күнінің штаттық кестесі құрылып, оқушыларға міндеттерін нақтылау үшін мектеп директоры мен бастамашыл топтың қатысуымен 2 қазан күні жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында оқушыларға «Дублер» күнінің ережесі таныстырылып, мақсаты мен міндеттері түсіндірілді. Дублер күнінді білім алушылар 2-9 сынып оқушылары болса, бақылаушылар болып пән мұғалімдері мен әкімшілік құрамы бекітілді.Мектеп қызметкерлері ішкі тіртіп ережелерін сақтай отырып, өздерінің жұмыс орындарында бақылауша ретінді қатысты. Ұйымдастырылған күнді 10-11 сынып оқушылары өткізі, бекітілген міндеттерді жоғары деңгейде атқарып шықты. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі рөлінде ойнаған білім алушылар ұстыздардың жұмысының қаншалықты ауыр әрі маңызды екенін түсініп, аталған жұмыстың жауапкершілігін сезінді.






https://www.instagram.com/reel/CyKuQTwox0v/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/Cx5afTrl_K_/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/CyBFx6eIUBu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

5 қазан – Ұстаздар күні мерекесі қарсаңында мектебімізде «Ұстаз – ұлық емес, ұлы есім» атты мерекелік шара өткізілді. Мерекелік шарада мектеп мұғалімдері, тәрбиешілер және кіші қызметкерлер мектеп директорының Алғыс хатымен марапатталды. Мерекелік концертте оқушылар ән айтып, би билеп, көріністер қойып, мұғалімдер арасында көңілді ойындар ойната білді.





https://www.instagram.com/reel/CyK6zghg1UY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ұстаздар күніне орай өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары мектеп ұстаздарына алғыс айтып, көңіл күйлерін көтеріп, жылы лебіздердерімен құттықтау білдірді.






«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ-нің жаңа Ұланбасы анықталды. Өзің-өзі басқару ұйымының жұмысын жан-жақты жүргізу, қоғамдағы балалар ұйымының рөлін арттыру, мектептегі оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында мектебімізде сайлау өткізілді. Мектеп ұланбасы болуға 9-10 сынып оқушылары ішінен 4 оқушы өз өтініштерін тапсырды, өтініштері қанағаттандырылып, бағдарламалары әзірленді. Олар: Утемисова Сабина -9 «А»сынып, Жылкешев Данияр - 9 «Б»сынып, Абдыгалимов Алихан - 10«А»сынып, Келимбердина Гүлназ - 10«Б»сынып оқушылары.

Сайлау мектеп мұғалімдерімен қатар 5-11 сынып оқушыларының қатысуымен таңғы 9.00 –ден 16.00-ге дейін жабық дауыс беру түрде өтті. Сайлау комиссиясы 4 адамнан құралды. Олар мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - Д.Қ.Дүйсенғалиева, мектеп психологі –Л.А.Саукебаева, ҚББП – М.С. Қаржаубай, тәлімгер – А.Е.Тажибаева және хатшы - А.С.Қалиева. Сайлау нәтижесі бойынша Мектептің Ұланбасы болып 48 дауыс жинап Келимбердина Гүлназ тағайындалды. 47 дауыс жинап Абдигалимов Алихан «Жас тәртіп сақшылары» ұйымының жетекшісі болып тағайындалды. Утемисова Сабина 43 дауыс жинап Ұланбасының орынбасары болып тағайындалды. Ұланбасы және Жас Ұлан ұйымының мүшелерін құттықтай отырып, алдағы атқаратын жұмыстарын сәттілік тілейміз!






https://www.instagram.com/reel/CyupU_eoZea/?utm_source=ig_web_copy_link

Мектебімізде қазан айында «Жас Ұлан» және Өзін-өзі басқару ұйымының жиналысы өткізілді. Жиналыста сайлау қорытындыланып, Ұланбасының орынбасарлары сайланып, қатарға жаңа оқушылар қосылды.






https://www.instagram.com/reel/CyxXCT8g7HG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

25 қазан – Республика күніне орай мектебіміздің өзін-өзі басқару және «Қоғамға қызмет» еріктілері «Жанашыр жүрек» акциясын ұйымдастырды. Оқушылар жалғыз басты карт әженің үйіне барып, тазалық жұмыстарын жүргізді. Ауласын сыпырып, қоқыстарды жинап, есік алдын жинастырды. Қарт әже оқушыларға батасын беріп, алғысын айтты.Оқушылар сауапты іске ат салысып, үлкеннің батасын алды.






https://www.instagram.com/reel/CyimRJWghZW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

27 қазан күні «Алтын күз -2023» апталығы аясында мектебімізде «Күз Ханзадасы мен Ханшайымы» сайысы өткізілді. Сайысқа 8-10 сынып оқушылары қатысты. Сайыс 5 шарттан тұрды: таныстыру,көрініс,пародия,сән үлгісі және өнер сайысы. Қатысушылар байқауда өз өнерлерімен көрермендерді тәнті етіп, барлық шарттарға тыңғылықты дайындалды. Сайыста әділ-қазылардың шешімі бойынша 9 «А» сыныбы Бас жүлдеге ие болды, 8 «Б» сыныбы – I орын, 10 «А» сыныбы – II орын, 10 «Б» сыныбы – III орынға ие болды. Күз Ханзадасын – Абдығалимов Алихан, Күз Ханшайымын – Мақсатова Айару жеңіп алды.






https://www.instagram.com/reel/Cy8RV5PIGJZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қараша айында тәлімгердің жоспары бойынша 8-10 сыныптар арасында «Jai Battle» жайдарман ойыны өткізілді. Ойынға бес команда қатысып, мектебімізді әзіл әлемінде шарықтатып жүрген «Келе жатыр» құрамасының ойыншылары Хамзатұлы Ади, Саламатов Әсет және Балтабай Серікболат әділ - қазылар құрамында болды.

«Jai Battle» ойынында командалар «Сәлемдесу», «Биатлон», «Үй тапсырмасы» шарттары бойынша өнерлерін көрсетті. Ойын алдында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Дүйсенгалиева Т.Қ. сөз сөйлеп, жайдарманшыларға сәттілік тіледі. Жалпы сайыс жеңіл, еркін түрде өтті деуге болады. Қатысушыларға уақыт жағынан да, тақырып бойынша да нақты шектеу қойылмады. Қамтылған тақырыптар да сан алуан. Ойын барысында сахнаға алғаш рет шыққан 8 сынып оқушылары осал емес екендерін байқатты. Әсіресе, «Сәлемдесу» және «Көріністе» жақсы көріне білді. Десе де, ойын соңында командалардың ұпайы тең болып, әділ – қазылардың шешімімен үлкен кубок «Гүлжанның балалары» құрамасына бұйырды. 10 сынып оқушысы Нағашыбай Рамазанды қазылар алқасы «Үздік ойыншы» деп танып, арнайы жүлдемен марапаттады. Мектеп оқушыларының қызығушылығына бөленіп, сайыстың төресі болып тұрған «Жайдарман» ойынын тек қана әзіл сайыс, қуақы қалжың емес, жастармен байланыстыратын, олардың мұқтаждығы мен өресін анықтайтын алаң болып табылды.








https://www.instagram.com/reel/C0CYFP6o8kz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қараша айында Ембі қалалық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өткізілген «Күз Ханзадасы мен Ханшайымы» сайысы өткізілді. Сайысқа қаламыздағы №1,2,4 ЖББОМ-ның 9 - 10 сынып оқушылары, Ембі қызмет көрсету саласы колледжінен және Құмсай ауылдық клубынан 6 жұп қатысты. Байқауға қатысушылар 5 кезең бойынша өнер көрсетті. Біздің мектебімізден 10 сынып оқушысы Ибат Нұрсаят және 9 сынып оқушысы Утемисова Сабина сайысқа қатысып, жүлделі II – орынға ие болып, Ибат Нұрсаят «Күз Ханзадасы - 2023» атағын жеңіп алды.







https://www.instagram.com/reel/CzeTBmVIqh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==т

«Жас тәртіп сақшылары» ұйымының жоспарына сәйкес желтоқсан айында мектеп психологі Саукебаева Л.А, әлеуметтік педагог Куанышева Ж.З. бірлескен жұмыс жоспары негізінде «Буллингке қарсымыз!» акциясының іс-шаралар жоспары құрылды. Мақсаты: мектепте жасөспірімдердің арасында кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу,буллинг,кибербуллинг туралы ақпаратты кеңейту.

Жоспарға сәйкес «Жас тәртіп сақшылары» ұйымының ұйымдастыруымен «Мектептегі буллинг»тақырыбында бейнеролик түсірілді. Бейнероликте сыныпқа жаңадан келген оқушыны шектету, қатарға қоспау көрінісі орын алады. Бұл бейнеролик арқылы оқушылар үйде, мектепте, кез-келген қоғамдық жерде буллингке ұшырауы мүмкін екендігі және бұндай жағдай болған кезде үнсіз қалмау керектігі ескертілді.









https://www.instagram.com/reel/C1FN248I0Ez/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай, Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасуы, оның тарихына шолу жасау, оқушыларды отан сүйгіштік пен патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында мектебімізде МАД, ШО, 1-4 кластар арасында сурет және қолөнер көрмесі ұйымдастырылды.









https://www.instagram.com/reel/C07GpC5I4Hb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар № 7 ЖББО мектебінде 2023-2024 оқу жылында Жаңа жыл мерекесіне орай МАД, ШО, 1-7 сыныптар аралығында «Төрле,Төрле Жаңа жыл» мерекелік ертеңгіліктер өткізілді. Оқушыларды мектеп директоры Әсел Жангелдіқызы құттықтады. Іс-шара жоғары деңгейде өтіліп, бастауыш

сынып ата-аналары белсенді қатысты. Мектеп парламентінің оқушылары түрлі кейіпкерлермен ертеңгіліктерге қатысты. Балалар жаңа жылда түрлі ертегі кейіпкерлерімен жүздесіп, ән шырқап, би биледі. Өнерлерін көрсетіп, жыр -шашуларын тарту етті. 8-11 сынып оқушылары арасында мерекелік кеш «Бал маскарад» форматында жалғасын тапты.

29 желтоқсан күні мектеп директоры Әсел Жангелдіқызы бастаған мектеп әкімшілігі көп балалы отбасы балаларына, аз қамтылған отбасы балалары және облыстық байқаулардан жүлделі орындар алып жүрген дарынды балалардың үйлерін аралап, сыйлықтарды табыстады.

https://www.instagram.com/reel/C1ScC3wIoFg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==






Ай сайын өзін-өзі басқару ұйымының президенті және көмекшілері мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес аға тәлімгер А.Е.Тажибаевамен бірге оқушылардың күнделігін тексеру жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар апта сайын «Жас тәртіп сақшылары» ұйымының жетекшісі, мектеп инспекторы Р.Ермекова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Қ.Дүйсенгалиева мектепке әкелуге тиым салынған заттады тексеру үшін рейд жұмыстары жүргізіледі.



Мектеп парламенті фракцияларының ұйымдастыруымен желтоқсан айында «Tatti Zhuma» жәрмеңкесі бастау алды. Әр жұма сайын «Қоғамға қызмет»волонтерлар ұйымы, «Жас тәртіп сақшылары» ұйымы және фракциялар бір-бірлеріне челлендж жолдау арқылы тәтті тағамдардан жәрмеңке ұйымдастырып, сол жәрмеңкеден түскен қаражатты қайырымдылыққа жұмсауға шешім қабылдады. Жәрмеңке 1 - 22 желтоқсан аралығында ұйымдастырылып, отыз сегіз мың теңге қаражат жиналды. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында мектебіміздің жас ұстаздарының демеушілігімен және жәрмеңкеден түскен қаражатқа сыйлықтар алып, 29 желтоқсан күні мектеп директоры Әсел Жангелдіқызы бастаған мектеп әкімшілігі көп балалы отбасы балаларына, аз

қамтылған отбасы балалары және облыстық байқаулардан жүлделі орындар алып жүрген дарынды балалардың үйлерін аралап, сыйлықтарды табыстады.




https://www.instagram.com/reel/C0mYdhtInRq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C0TjVI6Ahwz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C064SPJo-8_/?utm_source=ig_web_copy_link

2024 жылдың 26 қаңтар күні мектебімізде "Мектеп парламенті" өзін-өзі басқару ұйымы оқушыларын және "Қоғамға қызмет" еріктілерін марапаттау мақсатында "ҚЫЗЫҚ ПРЕМИЯ" шарасы өткізілді. Премияға қонақ болып мектебімізге көмек беріп жүрген "АО Жем пайдалану локомотив депо" ұжымының қызметкері Нургуль Саяновна, "Талпын" жобасының жетекшісі Мұхтар Әлімжанұлы, қаламыздағы мұқтаж жандарға әрқашан көмек қолын созатын Венера Нурлыбаевна бастаған еріктілер ұйымы және мектебіміздің жас ұстазы Асланбек Рахметуллаұлы қатысып, мектеп басшысы атынан алғыс хатпен марапатталды. Аталмыш шарада Өзін-өзі басқару ұйымының белсенді оқушылары премияға ие болып, желтоқсан айында өткізілген "Тәтті Жұма" жәрмеңкесі қорытындыланды.
https://www.instagram.com/reel/C2mdatuggnv/?utm_source=ig_web_copy_link




2023-2024 оқу жылындағы ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес қаңтар айында «Жүректен жүрекке» қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Өзін-өзі басқару ұйымының қыз балалары мектеп асханасындағы апайларға көмек беру мақсатында мектеп асханасына барып қауіпсіздік ережелермен танысып, санитарлық талаптарға сәйкес шаштарына орамал тағып, халат киіп, қолдарын жууып асханаға бет алды. Алдымен, ыстық тамақ ішетін 1-4 сынып оқушыларының тамақтанатын орындарын жақысылап сүртіп, ыдыстарды орындарға орналастырды. Асханадағы апайлар дайындаған ыстық тағамдарды ыдыстарғы салып берсе, көмекке барған қыз балалар тағамдарды тасып беріп отырды. Оқушыларды орындарына жайғастырып, оларға да керемет көңіл күй сыйлады. Тамақтанып болғаннан кейін ыдыстарды жуатын бөлмеге

тасып беріп, ыдыс жуатын апайға да көмек берді.Асханадағы апайларымыз көмек берген оқушыларға алғысын білдіріп, батасын берді.




https://www.instagram.com/reel/C2xfvqpopVx/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарын сәйкес Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай мектебімізде «Ауғанның отты жалыны» атты шарасы ұйымдастырылды. Шарада алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Демесінов Ержан Орманұлы 10-11сынып ер балаларына Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беріп, қаламыздағы Ауған соғысының ардагерлерімен таныстырды. Шара барысында Ержан Орманұлы оқушылар арасында жас сарбаздар сайысын өткізді. Оқушылар «Мылтық шашып жинау», «Оқжатар», «Мергендер сайысы» бөлімдері бойынша сайысты. Сайыс соңында жеңімпаздар анықталып,марапатталды.




https://www.instagram.com/reel/C3ZcGbGovSC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA=

2024 жылдың 01 наурыз күні «1 наурыз – Алғыс айту» күні мерекесіне орай өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары мектебіміздің кіші қызметкерлерін мерекемен құттықтап, мерекелік кеш ұйымдастырды. Мектеп директоры Достанова Асел Жангелдіқызы қызметкерлерді мектеп ұжымы атынан алғыс хатпен марапаттады. Мерекелік кеште оқушылар  ән айтып, би билеп, аға-апайлармен ойын ойнап, сыйлықтар табыстады. Мектеп қызметкерлері өздерінің керемет сезімдерімен бөлісіп, оқушыларға алғыстарын айтып, үлкен апаларымыз батасын берді.




https://www.instagram.com/reel/C3-PGG8I6M-/?utm_source=ig_web_copy_link

«Алғыс айту күні» мерекесінің мақсаты – ортақ тарих негізінде қазақтардың және барлық этностардың бір-бірін қолдауы арқылы бірге өткерген қиыншылықтарды ұмытпау негізінде көпұлтты Қазақстанның бірлігін сақтау және дамыту болып табылады. Бүгінгі таңда бұл мереке барлық қазақстандықтар үшін қайырымдылықтың, достық пен бірліктің жарқын үлгісі, ел азаматтарының ынтымағын арттыруға ықпал ететін мереке. Осы орайда ағымдағы жылдың 01 наурыз күні мектебіміздің оқушылары ұстаздарымызға өз алғыстарын айта отырып, мерекелік концерт ұйымдастырды. Концертте мектебіміздің ардақты да, аяулы ардагерлері мен Ембі қалалық №3 ЖББОМ, Ембі қалалық №2 ЖББОМ ардагерлер кеңесінің мүшелері арнайы қонаққа шақырылды. Мектеп директоры Асел Жангелдіқызы мерекемен құттықтап,ізгі тілегін білдірді. Келген қонақтарымыз меркелік бағдарламаны тамашалап, оқушыларға ақ батасын берді.



https://www.instagram.com/reel/C3-txuoCS1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFIZA==

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББО мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы жоспарға сәйкес «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары ұстаздар мен қыз балаларды меркемен құттықтап, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.



https://www.instagram.com/reel/C4Q7uQCIfwx/?utm_source=ig_web_copy_link

Мектебімізде 7 наурыз күні 11 сыныптар және өзін-өзі басқару ұйымының оқушыларының ұйымдастыруымен «Ана-өмірдің гүлі» атты мерекелік концерт өткізілді. Зал көктемгі көңіл-күй атмосферасына бөленіп, көрермендердің күлкісі мен қуанышына толды, олардың басым бөлігі мектебіміздің әйелдер қауымынан болды. «Ана» әнін шын жүректен және әсерлі орындаған балалар хорының қойылымы концерттік бағдарламаның сәнін келтірді. Мерекелік бағдарламада ана мен бала туралы қойылымдар қойылып, ән айтылып,би биленіп, Халықаралық әншілерге породия жасалды. Концерт барысында мектеп директоры және кәсіподақ ұйымы бірқатар мектеп ұстаздарын мерекемен құттықтап, алғыс хаттар табыстады. Ұстаздар қауымы мектеп оқушыларына алғыстарын білдіріп, ақ баталарын берді.



https://www.instagram.com/reel/C4VNQsYAs6Z/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектебімізде 22- наурыз мекрекесі қарсаңында оқушыларға Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тойлауы туралы толық мағлұмат беру, халқымыздың ұмытылып бара жатқан салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын жаңғырта отырып еске түсіру және оқушыларды елін сүюге, дәстүрлі мерекелерді құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында «Наурызнама» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды. Іс – шара барысында әр класс ауыл-ауылға бөлініп, ұлттық тағамдарымыздан дастархан жайып, ұлтымыздың салт-дәстүрлерінен көріністер қойып, өнерлерін көрсетті. Тәрбие сағаттарына арнайы қонақтар мен комиссия мүшелері қатысып, берілген критерийлер бойынша бағалады. Наурыз сонында барлық сыныптар мен интернат тәрбиеленушілері марапатталды.

Өзін-өзі басқару ұйымның жетекшісі А.Е.Тажибаеваның және мектеп президенті Келимбердина Г.Н. ұйымдастыруымен мектебімізде бұл мейрамда тәрбие сағаттары өткізіліп, қазақтың ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлерінен қойылымдар көрсетіліп, ұлттық ойындарымыздан «Қол күрес», «Арқан тартыс», «Бес асық», «Ләңгі тебу» сынды түрлі ойындар ойнатылып, оқушылар марапатталды.




https://www.instagram.com/reel/C4u8msXotWQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Тәрбие бөлімінің жоспарына сәйкес құқықбұзушылықтың алдын алу, оқушылардың уақытты тиімді пайдалану мақсатында мектебімізде "ЕГІЗ-ЛЕБІЗ" командалық сайысы

өтті. Өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары сайыстың шарттарын құрастырып, Сайлаубай Саян мен Алмағамбет Қаракат сайыстың жүргізушілері болды. Сайыс нәтидесінде бас жүлде 9"а" сыныбына, 1 орын 10 «а» сыныбына, 2 орын 10 «б» сыныбына, 3 орын 9 «б» сыныбының қанжығасына түсті.



https://www.instagram.com/reel/C6O8NMLoiew/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қазіргі еккен тал-шыбық, ертең жапырағы жайқалған ағаш, одан әрі көрікті орман болатыны белгілі. Осыдан бірнеше жыл өткен соң бұл ағаштардың саясын немере-шөберелеріміз көреді. Дана қазақ «Атадан мал қалғанша, тал қалсын», деп ағаштың адамзатқа берер пайдасын ерекше атап өткен. «Мамыр – Ынтымақ айы» айлығының жоспарына сәйкес экологиялық акциясын қолдау мақсатында және мектепішілік «Түлектер жобасы» аясында «тал егу-игі іс»челленджі өткізілді.

Жобаның мақсаты: жыл сайын мектеп бітіруші 4,9,11 класс оқушыларын қатыстыра отырып, мектеп ауласына тал егуді дәстүрге айналдыру; Мектеп ауласын көркейту, көгалдандыру, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға үйретумен қатар, оқушыларды еңбекке баулу.

Жобаның шарттары: жобаға жеке оқушылардан немесе класстардан тал қабылданады, қабылданатын талдар жеміс ағаштары болмауы керек;

Жоба барысында оқушылар мен ата-аналар мектеп әкімшілігі белгіленген аймаққа әкелген талдарын егеді, өз қолтаңбаларын қалдырады.

2023-2024 оқу жылында да жыл сайынғы дәстүр бойынша түлектер мектеп интернатының ауласына қарағай, қайың талдарын отырғызды.



https://www.instagram.com/reel/C6noIzIAmye/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C6n5JQAIE6T/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне орай өзін-өзі басқару ұйымының қыз балалары мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында мектебіміздің ағайлары мен ер балаларын құттықтап, ізгі тілектерін білдірді. Мектепті мерекеге орай безендіріп, ашық хаттар таратты.



https://www.instagram.com/reel/C6nb7HkoNRp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББО мектебіндегі өзін-өзі басқару ұйымы мен 10 сынып оқушылары ҰОС –ның 79 жылдығына орай тыл ардагерлері Мухиева Замза апайдың үйіне барып сұхбаттасты. Кездесу барысында тыл ардагері Замза апаймен сұхбат жүргізді. Сұхбат барысында тылдағы қиыншылықтармен қалай жеңіске жеткендігі туралы, бір-бірлерімен сұрақ қойып,пікір алмасты.

Сонымен қатар, Ұлы жеңіс күніне орай өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары құттықтау бейнеролигін түсірді.



https://www.instagram.com/reel/C6pHzYwlwvr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C6pITOvo4F1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

"Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар #7 ЖББОМ" КММ-нің 2023-2024 оқу жылындағы "Жас Ұлан" ұйымы мен өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын қорытындылау мақсатында 22 мамыр күні оқушыларды марапаттау рәсімі өткізілді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Таңшолпан Құмарқызы оқушыларға мектеп әкімшілігі атынан алғыс айтып, ізгі ниетін білдірді. Бір жылдық атқарылған жұмыстарды бейнеролик арқылы қорытындылап, әр оқушыға түрлі номинациялармен мадақтамалар табысталды. Кеш барасында ән де шырқалып, би билеп, түрлі ойындар ұйымдастырылды.



https://www.instagram.com/reel/C7TC8O3o6Yz/?utm_soufce=ig_web_copy_link